

**Луговой ауылындағы Интернациональная көшесін ауданға еңбегі сіңген азамат
Әділұлы Самарханның атына өзгерту туралы**

Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы әкімдігі Луговой ауыл аймағы әкімінің 2010 жылғы 02 маусымдағы № 43 Шешімі. Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 01 шілдеде 104 нөмірімен тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Луговой ауылындағы Интернациональная көшесі тұрғындарының пікірін ескере отырып және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Луговой ауылындағы Интернациональная көшесі "Әділұлы Самархан" атындағы көше болып өзгертілсін.

2. Осы шешімінің орындалуын өзімде қалдырамын.

3. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап заңды күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А у ы л ә к і м і н і ң

міндетін атқарушы:

У. Сариев